

МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2026 жылғы 24 сәуір күнгі №03-2414 санды шығыс хаты негізінде 2026 жылдың 06 мамыр күні «Біз әлемнің болашағымыз» тақырыбында 8 - 10 сынып оқушылары арасында аудандық пікірсайыс турнирі Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің базасында өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Аудандық пікірсайыс турниріне жалпы орта, негізгі және қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.


Ойынның форматы: дүниежүзілік мектеп форматы

Пікірсайыс турниріне қатысу үшін өтінімдер №1 қосымша сәйкес abb_elzat@mail.ru электронды поштасына 2026 жылдың 04 мамырына дейін қабылданады. Пікірсайыс турнирінің ережесі қосымша тіркеледі.


Ескерту: Пікірсайыс турниріне қатысатын оқушыларды алып бару, алып келу және оқушылардың өмір қауіпсіздігіне толық жауапкершілік жетекшілеріне жүктеледі. Бекітілген жетекшілердің қолында ата-аналардың келісім-парақтары мен мектепшілік бұйрықтары болуы міндетті.

Қосымша: 2 парақта

**Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы**



Б.Самылтыров


«БЕКІТЕМІН»
Т.Рысқұлов ауданының білім
бөлімінің басшысының
міндеттерін атқарушы
Б.Самылтыров
«28» сәуір 2026 жыл

**«Біз әлемнің болашағымыз» тақырыбындағы
мектеп оқушылары арасындағы аудандық пікірсайыс турнирінің
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

Осы ереже «Біз әлемнің болашағымыз» аудандық мектеп оқушылары арасындағы пікірсайыс турнирінің мақсат-міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

II. Турнирдің мақсаттары мен міндеттері

1. Егеменді еліміздің белсенді жастарының ойларын бір арнаға тоғыстыру.
2. Жастардың қоғамда өзекті мәселелерді шешудегі орнын қалыптастыру.
3. Азаматтық жауапкершілігі зор, интеллектісі жоғары, рухани жан дүниесі бай, эстетикалық жағынан дамыған және әлеуметтік бейімделген, әлеуметтік ұтқыр тұлғаны қалыптастыру мен дамыту.

III. Турнирдің талаптары мен шарттары

1. Турнир казак тілінде өткізіледі.
2. Турнир дүниежүзілік мектеп форматы бойынша өткізіледі.
3. Турнирге қатысатын топтар үш адамнан тұруы және классикалық киім үлгісінде болуы тиіс.
4. Турнир 2026 жылдың 6 мамыр күні сағат 10:00-де Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің базасында базасында өткізіледі.
5. Турнирге қатысушы квота әр мектептен екі квота.
6. Ойынның форматы: дүниежүзілік мектеп форматы
Ескерту: мектепішілік іріктеу кезеңдері әлеуметтік желіге салынып, сілтемесі білім бөлімінің әдіскері Г.Ногайбаеваға жіберілуі керек.
7. Турнирге қатысушылардың сұраныстары 2026 жылдың 04 мамырына дейін abb_elzat@mail.ru электрондық мекен-жайында қабылданады. Қосымша байланыс телефондары: +77754311985.

Ескерту: Турнирге тіркелмеген және сұраныс бермеген командалар қатыстырылмайды!!!

IV. Турнирдің қарарлары

Іріктеу:

- 1- раунд. Б.П. Қазақ хандығы кезіндегі ұлттық мүддені сақтаудың ең тиімді үлгісін көрсеткен хан саясатын көрсетеді.
- 2 - раунд. Б.П. Экономикалық дамудың басты драйвері - инновация емес, институттар д.е.

Плей-офф

- 1.БП: Мемлекеттік бағдарламалар арқылы шет елде білім алған студенттердің өндірістік міндеттерін айыппұл арқылы өтеу қызметін алып тастайды
- 2.Б.П. Өнер туындыларын бағалау кезінде автордың жеке басын(өмірбаяны мен кателіктерін) ескермеу керек д.е
- 4.Қаптағы мысық

V. Турнирдің қорытындысы

- 1.Турнир жеңімпаздарына төрешілердің шешіміне сәйкес (1, 2, 3 орын, «Үздік спикер») дипломдары табыс етіледі.

Турнирге қатысу туралы өтінім (үлгі)

№	Мектеп атауы	Фракция атауы	Қатысушының аты-жөні	Жетекшінің аты-жөні	Байланыс телефоны